

**«Терапия» пәні бойынша
Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған
тест спецификациясы**

1. Мақсаты: Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған тест тапсырмаларын әзірлеу үшін құрастырылған.

2. Міндеті: Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

3. Мазмұны: «09120100 - Емдеу ісі» мамандығы, 4S09120101 – Фельдшер біліктілігі, «09130200 - Акушерлік іс» мамандығы, 4S09130201 – Акушер біліктілігі және «09130100 - Мейіргер ісі» мамандығы, 3W09130101 - Күту ісінің кіші мейіргері, 3W09130102 – Массажист, 4S09130103 - Жалпы практикадағы мейіргер біліктіліктеріне арналған «Терапия» пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Тыныс алу жүйесінің аурулары	01	Жедел және созылмалы бронхиттер
		02	Өкпенің созылмалы обструкциялық ауруы
		03	Бронхоэктазиялық ауруы
		04	Өкпе туберкулезінің асқынуы
02	Қан айналым жүйесінің аурулары	05	Жедел ревматикалық қызба
		06	Атеросклероз. Артериальды гипертензия. Асқынулар.
		07	ЖИА. Стенокардия. Миокард инфаркты
		08	Эндокардиттер. Миокардиттер. Перикардиттер
03	Асқорыту жүйесінің аурулары	09	Жедел және созылмалы гастриттер
		10	Асқазан және он екі елі ішектің ойық жара ауруы
		11	Панкреатиттер Холециститтер. ӨТА Өт шығару жолдарының дискинезиясы
		12	Гепатит. Бауыр циррозы
04	Зәр шығару жолдарының аурулары	13	Жедел және созылмалы пиелонефриттер. Цистит. Бүйрек тас ауруы
		14	Жедел және созылмалы гломерулонефриттер
		15	Жедел және созылмалы бүйрек шамасыздығы
05	Эндокриндік жүйенің аурулары	16	Тиреотоксикоз. Гипотиреоз. Эндемиялық жемсау
		17	Қант диабеті. Қант ауруларының асқынулары
06	Қан түзу жүйесінің аурулары	18	Анемия. Лейкоздар
		19	Геморрагиялық васкулиттер. Гемофилия
07	Тірек-қимыл жүйесінің аурулары	20	Ревматоидты артрит. Остеоартроз. Подагра

08	Жедел аллергоздар	21	Квинке ісігі. Есекжем. Анафилактикалық шок
Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б).			

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Тыныс алу жүйесінің аурулары. Жедел және созылмалы бронхиттер. Өкпенің созылмалы. Бронхоэктазиялық ауруы обструкциялық ауруы. Өкпе туберкулезінің асқынуы.

Қан айналым жүйесінің аурулары. Жедел ревматикалық қызба. Атеросклероз Артериальды гипертензия. Асқынулары. ЖИА. Стенокардия. Миокард инфаркты. Эндокардиттер. Миокардиттер. Перикардиттер. Ас қорыту жүйесінің аурулары. Жедел және созылмалы гастриттер. Асқазан және он екі елі ішектің ойық жара ауруы. Панкреатиттер. Холециститтер ӨТА. Өт шығару жолдарының дискинезиясы. Гепатит. Бауыр циррозы.

Зәр шығару жүйесінің аурулары. Жедел және созылмалы гастриттер. Асқазан және он екі елі ішектің ойық жара ауруы. Панкреатиттер. Холециститтер ӨТА. Өт шығару жолдарының дискинезиясы. Гепатит. Бауыр циррозы. Эндокриндік жүйенің аурулары. Тиреотоксикоз. Гипотиреоз.Эндемиялық жемсау. Қант диабеті. Асқынулары.

Қан түзу жүйесінің аурулары. Анемия. Лейкоздар Геморрагиялық васкулиттер. Гемофилия.

Тірек-қимыл жүйесінің аурулары. Ревматоидты артрит. Остеоартроз. Подагра.

Жедел аллергоздар. Квинке ісігі. Есекжем. Анафилактикалық шок.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:

Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

8. Бағалау:

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап тандалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

Бірнеше жауап нұсқасынан барлық дұрыс жауаптар үшін – 2 балл, жіберілген бір қате үшін – 1 балл, екі және одан көп қате жауап үшін – 0 балл беріледі.

9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Внутренние болезни: учебник: в 2 т. /Под ред. В.С. Моисеева, А. И. Мартынова, Н. А. Мухина.- 3-е изд., испр. и доп. - М.: ГЭОТАР-Медиа, 2015.- Т. 1. С. 433-467

2. Ішкі аурулар: оқулық. /В.И. Маколкин, С.И. Овчаренко, В.А. Сулимов.-6-шы басылымы, өңделген және толықтырылған.- М.: ГЭОТАР-Медиа, 2014.-976 б
3. Ішкі аурулар. Б.С. Калимурзина. 2010 Алматы "Эверо",
4. «Ішкі аурулар», Қ.А. Жаманқұлов.-Ақтөбе, 2008
5. «Ішкі аурулар пропедевтикасы», С.К. Муратбекова, А.Т.Кенжебаева.-Көкшетау, 2007.
6. «Ішкі аурулар», А.А. Оспанова. – Шымкент, 2008.
7. «Ішкі аурулар», Ғ.Н. Бимурзаев, Г.К. Зарипова – Түркістан 2012.